

● САПАЛЫ БІЛІМ – САПАЛЫ АДАМИ КАПИТАЛ

АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жуырда ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Басты тақырып қазіргі заманғы жоғары білімнің сапасы мен қолжетімділігі.

Отырысқа ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов, сондай-ақ жоғары оқу орындарының ректорлары, Министрліктің ҒЗИ және ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары, мектеп мекемелерінің директорлары қатысты.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз баяндамасында 2023 жылғы жетістіктерге тоқталып, негізгі міндеттер мен бағыттарды атап өтті. Министр бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы өткен жылы 20%-ға,

магистратура мен докторантура – 15%-ға өскенін, сондай-ақ биылғы жылы да шәкіртақының өсетінін айтты.

Сонымен қатар, еліміздегі ғылым мен ғалымдарды дөріптеу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ғылыми қоғамдастықты ынталандыру үшін ғалымдардың орташа жалақысы 2 есеге артты. Іргелі зерттеулермен айналысатын ҒЗИ-ді тікелей қаржыландыру енгізілді, - деді ведомство басшысы.

Алқа отырысында Тамара Дүйсенова министрліктер мен оларға бағынысты ұйымдардың алдына білім беру және ғылыми қызмет сапасын жетілдіру бойынша нақты міндеттер жүктеді Премьер-Министрдің орынбасары ел экономикасының өсу драйвері ретінде сапалы адами капиталды қалыптастыру мен дамыту екі ведомствоның басты миссиясы екенін атап өтті.



РАСШИРЕННОЕ ЗАСЕДАНИЕ СОВМЕСТНОЙ КОЛЛЕГИИ МИНИСТЕРСТВ ПРОСВЕЩЕНИЯ, НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «ОТ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ К КАЧЕСТВЕННОМУ ЧЕЛОВЕЧЕСКОМУ КАПИТАЛУ»

ЖАС ҒАЛЫМНЫҢ ЖЕТІСТІГІ



ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС МАГИСТРІ, 90-НАН АСТАМ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫҢ, ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР МЕН БАЯНДАМАЛАРДЫҢ АВТОРЫ, ЖАС ҒАЛЫМ БЕДЕЛЬБАЕВА АСЕЛЕРІКҚЫЗЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ СТИПЕНДИЯ ИЕГЕРІ АТАНДЫ.

2015 жылдан бастап ҚР Ғылым және білім министрлігінің гранттық қаржыландыру бойынша жобаларына кіші ғылыми қызметкер ретінде қатыса бастадым. Бүгінгі күні 90-нан астам ғылыми жұмыстардың, ғылыми мақалалар мен баяндамалардың авторымын. Оның ішінде: 9 монография, 2 ҚР РОЭК ұсынған оқу құралдары, 4 университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған оқу-әдістемелік құралдары, 2 оқу-әдістемелік нұсқаулар, Scopus дерекқорына енетін басылымдарда 12 мақала (Хирш индексі 5-ке тең), ҚР сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында 15-тен астам жарияланымдарым бар.

– Ғылыми стипендияны қалай ұтып алдыңыз? Қандай әзірлемелер үшін сыйақы берілді?

– Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 тамыздағы № 389 бұйрығымен ғылым саласындағы сыйақылар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар бекітілген болатын. 40 жастан асқан ғалымдар үшін

25 мемлекеттік ғылыми стипендия; 40 жасты қоса алғанда талантты жас ғалымдар үшін 50 мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындалды. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру республикалық басылымдарда, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының интернет-ресурстарында жарияланды. Конкурс басталысымен, стипендия туралы ақпаратты ЖУ-дың ғылым бөлімі жалпы барлық жоғары мектептер бойынша таратқан болатын. Мен де өзімнің тиісті құжаттарымды ұсынып, бағымды сынап көрдім.

– Конкурсқа қатысқан кезде қиындықтар туындады ма? Стипендияны ұтып алғанда қандай күйде болдыңыз?

– Конкурсқа қатысу кезінде қиындықтар болған жоқ. Керісінше, құжаттарды өткізу жеңілдетілген. Барлық құжаттардың электронды нұсқасы Әділет базасына жүктеледі, ал қағаз нұсқасы Халыққа қызмет көрсету орталығына тапсырылады. Конкурс объективті және ашық өтті.

– Қазіргі таңда қандай ғылыми жобаларға қатысып, қандай зерттеулер жүргізілуде?

– Ғылым жолында мен бірқатар ғылыми жобаларға қатыстым.

2015-2017 жылдары «Агроөнеркәсіп кешенінің экономикасын оңтайлы аймақтық басқару механизмін тұжырымдамасын әзірлеу» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының кіші ғылыми қызметкері болдым.

2018-2020 жылдары «Инвестициялық тартымдылықты жоғарылату жолымен ауылшаруашылық аймақтарын тұрақты дамытудың механизмін қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми қызметкері болдым.

2020-2022 жылдары «Инклюзивті жоғары білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлауды ұйымдастыру» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының аға ғылыми қызметкері болдым. 2022 жылдан бастап 2 жобаға қатысып келемін.

«Data Driven Decision Making» тұжырымдамасы негізінде жаһандық сын-қатерлер жағдайында өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін басқару» және «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың білім беру процесін ұйымдастыру және сүйемелдеу» тақырыбындағы ғылыми жоба бойынша аға ғылыми қызметкері лауазымдарын атқарудамын.

– Сұхбатыңызға рақмет, ғылыми жетістіктеріңіз көп болсын! Сұхбаттасқан Эльмира СМАҒҰЛОВА.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



2 бет



ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ - ҰЛЫ ҚҰРМЕТ!

4 бет



ЭММА ЛИ: СЛОВО ОБ УЧИТЕЛЕ

7 стр.



ОБРАЗОВАНИЕ ДЛИНОЮ В ЖИЗНЬ

8 стр.



ІЛИЯСТАНУШЫ ҒАЛЫМ МЕРЕЙЛІ ЖАСҚА ТОЛДЫ

Жетісу университетінде филология ғылымдарының докторы, профессор, Ілиястану ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі Иманғазинов Мұратбек Мұбаракханұлының 60 жас мерейтойына орай салтанатты жиын өтті. Жиынды гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі ұйымдастырды.

Салтанатты шарада мерейтой иесіне Басқарма Төрағасы – Ректордың және оқытушының туған жері – Алакөл ауданы әкімінің құттықтау хаты табысталды.

Жиынды басқарма мүшесі, оқу ісі жөніндегі проректор Бауыржан Рыспеқұлы тізгіндеді. «Мұратбек Мұбаракханұлы бүкіл өмірін университетке қызмет етуге арнады. Дарынды басшы әрі ұстаз, өз ісінің нағыз маманы Жетісу университетінің дамуына зор

үлес қосып келеді. Заманауи «Ілиястану» ғылымының дамуына жол ашқан ғалым. 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы», – деді проректор.

Қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты Мамиля Жақыпбекова «Көркем мінез, кемел ойдың иесі» атты баяндама жасап, Мұратбек Мұбаракханұлының өмір жолы мен қызметі жайлы естеліктермен бөлісті. Сондай-ақ, мерейтой иесінің достары, ауылдастары, әріптестері мен шәкірттері қатысып, өздерінің жүрекжарды жылы лебіздерін, ақжарма тілектерін арнады.

Мұратбек Мұбаракханұлына Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Шара соңында әннен шашу шашылды.



МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Жетісу облысы Дін істері басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Университеттің Жастар саясаты жөніндегі проректоры Болат Сериев пен Жетісу облысы дін істері басқармасының басшысы Жаңабай Сағыныш «Халық арасында деструктивті діни идеологияның таралуына жол бермеу жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын» орындау мақсатында Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, меморандумға қол қойды.

Меморандум аясында Бейбітшілікті және конфессияаралық келісімді насихаттауға, діни экстремизм және терроризмге қарсы бағытталған іс-шараларды өткізу, тараптар ұйымдастырған ғылыми-методикалық семинарларда, ғылыми практикалық конференцияларда және басқа да іс-шараларда осы саладағы білімдері және тәжірибелерімен

бөлісу, діни қызмет саласындағы өзекті мәселелер туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша әдістемелік-анықтамалық материалдарды бірігіп әзірлеу, тараптармен келісілген кез келген әрекеттестік түрлері және тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Басқарма басшысы университет басшылығына алғыс айтты.

«Бұл біздің басқарманың алғашқы меморандумы. Біз үшін - тарихи сәт. Студенттердің жаздық демалысы кезінде университет базасында Имамдардың біліктілігін арттыру бойынша курс ұйымдастыру, яғни, 2 айлық курстан өткізу жоспарланып отыр. 80 немесе 100 имамды оқыту көзделген. Заңгерлік, ораторлық шеберлік, әлеуметтану, психология саласы бойынша Жетісу университетінің оқытушылары дәріс берсе, діни бағытта мамандар «Нұр Мүбәрак» университетінен шақырылатын болады. Атқаратын жұмысымыз табысты болсын», – деді ол.

СТУДЕНТ ЖҮГЕРІНІҢ ЖАҢА СҮРШЫН ШЫҒАРДЫ

Ізденімпаз студент Асқар Рахым селекция ғылымына мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қызығушылық танытқан. 7 сыныптан бастап кәдімгі сары жүгерінің түрлі-түсті сортын алу үшін іздене бастайды. Ол жас ғалымдарды қолдауға бағытталған «Jas galym» байқауына қатысып «Sweet Rainbow» жобасын ұсынады.

Түрлі-түсті жүгері өсіруді әлемнің көптеген елдері белсенді түрде тәжірибеге енгізуде. Мексикада ақ, қара, күлгін, кемпірқосақ түсті жүгерілер өсіріледі. Мұндай жүгерілер кәдімгі сары жүгерімен

салыстырғанда көптеген қасиеттерге ие. Бірақ әлемдік аналогтар мал азығы (жем) ретінде пайдаланылады. Ал мен жасаған түрлі-түсті жүгері жеуге жарайтын қасиетімен ерекшеленеді. Оның құрамында адам ағзасына қажетті антиоксидант, каротин, ақуыз сынды дәрумендер бар. Жүгерінің тұқымын шағылыстыру арқылы 5 жылдың ішінде тәтті, түрлі-түсті жаңа тұқым алдым,- дейді Асқар Рахым.

Асқардың ендігі жоспары тағам ретінде пайдалануға болатын жүгерінің жаңа тұқымын көбейтіп, өсіру. Оның өнімділігін арттыру үшін жүгерінің «Үш тәтті» атты сортымен будандастырып, жаңа тұқымға патент алу. Одан соң «Тәтті кемпірқосақ» жүгерісін нарыққа шығару.



МЕЙІРІМ СЫЙЛАҒАН КҮН

Жуырда Педагогика және психология жоғары мектебінің Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының студенттері «Ертегіге саяхат» шарасын ұйымдастырды.

Топ кураторлары, оқытушы-дәріскер, магистр Г.А.Тажинава мен п.ғ.к., оқытушы-дәріскер Н.Н.Ханинаның жетекшілігімен Облыстық мамандандырылған балалар үйінде «Шалқан» ертегісі бойынша театрландырылған көрініс қойылды.

Балалар үйінің орынбасары Гүлнара Бейсенбаева шараны ұйымдастырған жоғары мектептің профессор-оқытушылары, топ кураторлары мен білімгерлерге алғыс білдірді.

Әке мен шешенің аялы алақанын көрмеген бүлдіршіндерге мерекелік көңіл-күй сыйлаудың өзі бір бақыт. Шара

соңында ұйымдастырушылар балаларға базарлық таратты. Игі іс бүлдіршіндердің бойында мейірімділік, қуаныш, шаттық сынды сезімдерді оята білді. Мейірімділік шарасы мұнымен тоқтамайды. Алдағы уақытта жалғасын таба бермек. Атап айтсақ, «Eco-friendly student» челленджі, «Жүрек жылуы» концерттік бағдарлама, «Менің арманым – менің болашағым» психологиялық тренингі, «Қамқор» балалар тәрбиеленушілерімен «Аялы алақан» атты іс-шаралар өтеді. Педагогика және психология жоғары мектебінің оқытушылары мұндай іс-шара арқылы біз студенттерді адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеп, сауапты іске тартымыз дейді.

Ақерке БАЗАРБАЙ.



Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.



ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ- ҰЛЫ ҚҰРМЕТ!

толық табылады десек, артық айтпас өдік. Нұржан Сатыбалдыұлы бүгінде мерейлі 60 жасқа толып отыр.

Ол вибратты ағамының қымбат шақтарын болашақ мамандарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкірттерін білім нәрімен сусындатқан Нұржан Сатыбалдыұлының өмірі – жастарға үлкен өнеге.

Уалиев Нұржан Сатыбалдыұлы I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 1997 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Университетке келген уақыттан бастап өзін терең білімді, ғылыми-зерттеу жұмысына деген қабілеті қалыптасқан маман ретінде танытуда. Осы жылдарда өртүрлі қызметтер атқарды, атап айтсақ, оқытушы, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, 2016-2018 жылдары ақпараттық жүйелер және электрондық басқаруды дамыту орталығының директоры, бөлім бастығы, 2018-2020 жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

Талапшыл ұстаз студенттерден сөйкес деңгейде дайындық пен тапсырманың орындауын талап ете біледі.

Соңғы үш жылда баспадан шыққан 24 мақаласы бар. Халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларға белсенді қатысады. 6 оқу-әдістемелік және оқу құралы, жалпы білім беретін мектептерге арналған 2 оқулығы баспадан шыққан. 2001 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алған.

Білімін үнемі жетілдіріп, ғылыммен үздіксіз айналысатын ол 2012-2014 жылдары «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» 120 Мемлекеттік бюджеттік бағдарламасы көлеміндегі «Исследование адаптивных методов построения тестовых систем с последующим проектированием многофункциональной адаптивной системы онлайн тестирования» атты ғылыми жобада жетекші ғылыми қызметкер қызметін атқарды.

Кәсіби біліктілігін үнемі арттырып 2009 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, 2013 және 2016 жылдары Талдықорған қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Нұржан Сатыбалдыұлы университетте цифрландыруға зор үлес қосты. MS Excel бағдарламасында кафедра бойынша сағаттарды есептеу және сағаттарды бөлу бағдарламасының авторы. Сондай-ақ, оның

басшылығымен алғашқы электронды журнал құрылды. Оқу процесіне қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу бойынша жұмыс тобында болды. «Болашақ» мемлекеттік стипендиясын беру жөніндегі комиссияның сарапшысы.

Жеке тұлға ретінде мінезі, өмірге көзқарасы қалыптасқан, ұстанымдары негізделген, қойылған мақсатқа жету үшін тынбай еңбек етеді. Жеке тұлғалық қасиеті адамгершілікпен ерекшеленеді, жауапкершілігі мол. Ұжыммен қарым-қатынасы жақсы, студенттермен психологиялық-педагогикалық жағынан қарым-қатынас орнатқан.

Білімі мен біліктілігі жоғары, үнемі ізденіс жолында. Басшылық және оқу үрдісін ұйымдастыру қабілеті қалыптасқан, қызметтік міндеттерді жауапкершілікпен орындайды.

Мерей той иесін шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, берекелілік, ұзақ та, ұлағатты ағамы тілейміз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша ББ ұжымы.

Адамзаттың ұстазы әл-Фараби: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алағыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да өділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқанды дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» - деген өкөн. Шығыс ойшылының ұстазға берген осынау қасиеттері Уалиев Нұржан Сатыбалдыұлының тұлға бойынан

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚЫСЫП ТҰР



дегенде 5 адам 60 бөлке нан жеді делік, күніне 2 бөлкеден есептегенде 10 800 теңге шығады. Сүт 810 теңгеден 10 литр десек, кемінде 8100 теңге. Шай – бір қорабы 500 теңгеден, 5 қорап алды деп есептесек, 2,5 кг – 1800 теңге шығады. Макарон 325 теңгеден 12 кг алса – 3900 теңге, 60 теңгеден 20 жұмыртқа алса – 1200 теңге, 3 кг қарақұмық – 840 теңге, 10 кг ұн – 3700 теңге. 2 л шемішке майы. 10 кг картоп – 1300 теңге, 5 кг пияз – 600 теңге, тұз – 60 теңге. 5 кг тауық еті – 5750 теңге, 5 кг күріш – 2825 теңге. Екі бөлмелі үйдің коммуналдық төлемдері жоқ дегенде 27 мың теңгеге дейін барады. Ұялы байланыс, интернет тарифі 7 мың теңгеден

4 адамға 28 мың теңге. Жол жүру шығындарына келсек, «Оңай» пластикалық карталарын алу 7200 теңгеден 3 адамға 21600 теңге. Тазалық құралдары: сабын 300 теңгеден – 5 сабынға 1500 теңге. Тіс жуу пастасының 2 данасын алса – 940 теңге, кір жуатын ұнтақ 4 келі – 3400 теңге. Кредиттік төлемдері, мысалы, мемлекеттік төлемдермен алынған екі бөлмелі үйдің кредитіне айына 80 500 теңге төлейді. Оған қосымша баласы сабақ оқу үшін тұтынушылық кредитпен бір компьютер алған, оған айына 25 мың теңге төлеп отыр. Балабақшаға 16 500 теңге төлеп отыр, - деді депутат. Жалпы шығын сомасы қанша шықты? 254 215 теңге. Сұрағым - 54 215 теңгені ол отбасы қайдан алады? Дәрі-дәрмек пен киім және кеңсе құралдарын, ойыншық, жиһаз, техникаға ақша жетпейді. Азық-түліктен сиыр, қой етін, жеміс-жидек, сары май, балық мүлдем жемейді және крем, шампунь мен су сабынды мүлдем қолданбайды деген сөз. Төменгі айлықты қалай есептедіңіздер және оған осы отбасы қалай күн көреді? - деді Ринат Зайытов.

- Бұл жерде депутат азық азық-түліктің бағасын анағұрлым арзан етіп алған. Мәселен, картоптың келісі 130 теңге емес – 350 теңгеге жетті.

Жалпы, Қазақстанда жалақы аз мөлшерде болса да өсіп жатыр. Бірақ, бағаның тым қымбат болуы халыққа батып жатыр.

Елнара ЖҰМАҒҰЛ,
ФҚ-111 топ студенті.



ЖЕТІСУ СТУДЕНТТЕР АЛЬЯНСЫ ЖЕКЕ КЕҢСЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Жетісу студенттер Альянсы жеке кеңсеге ие болды. Кеңсенің ашылуына Қазақстан студенттер Альянсының төрағасы Ұлан Нәукен және Шымкент студенттер Альянсының өкілдері қатысты. Бұл студенттер үшін жасалған зор мүмкіндік. Аталған ұйымның басты мақсаты – студент жастардың басын біріктіріп, қоғамдық және саяси сала бойынша көшбасшы болуға баулу.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 4 курс студенті – Қанатай Жанель осы ұйымның мүшесі.

– Қазіргі өңіріміздің жасампаз жастары білімге деген құштарлықты, белсенді қоғамдық өмірді қалыптастыру жолында Жетісу облысы студенттер Альянсында жұмыс жүргізуде. Жетісу университетінде Студенттік декан міндетін атқарып жүргенде жоғары мектеп білімгерлерін белсенді студенттік өмірге тар-

ту мақсатында Жетісу студенттер Альянсының мүшесі атандым. Жалпы осы күнге дейін еріктілер қатарынан, өнер жұлдыздары, оқу орнында бетке ұстар студент ретінде көрініп жатқан ұйым мүшелері жетерлік, – дейді Жанель.

Осы жетістік – Жетісу облысы студенттер Альянсының көш бастауына ықпал етіп жатыр. Жуырда ұйым «QSA party» кешін өткізді. Ол кешке барлық оқу орындарының студенттері қатысты. «Гарри Поттер» тематикасында өткен іс-шараға Талдықорғанның барлық жалынды жастары куә болды.

Айта кетсек, Альянстың құрамында – тек Жетісу университетінің білімгерлері емес, басқа да колледж студенттері бар. Сондай-ақ, бұл ұйым мүшелері басқа қалаларға іс-сапармен жиі барып, түрлі іс-шараларға, форумдарға қатысады. **Назерке КӘКІМОВА.**

Азық-түліктен: нан – 180 теңгеден бір айға жоқ

МЕН ОҚЫҒАН БІР КІТАП



Өмірдің аты М

Махаббатты түсіндіру мүмкін емес.
Оны тек бастан кешу керек.
Махаббатты түсіндіру мүмкін емес.
Бірақ ол бәрін түсіндіреді.

Элиф Шафак «Махаббаттың 40 ережесі».

Жас продюсер, сценарист Перизат Мырзахметтің «Өмірдің аты М» деген кітабы мен үшін биылғы оқимын деген кітаптарымның бастамасы болды. Ғажап махаббат хикаясы. Болған оқиға мынандай желіде жазылған. «Based on a true story». Автордың өз өмірінен сыр шертіп, махаббат хикаясымен бөлісетін, көп нәрселерге зейін қойып ойлаңдыратын шығарма болғандықтан, мені өзіне баурап қана қоймай, үлкен әсер қалдырды.

Кітаптағы оқиға - басты кейіпкер Перизаттың «жүрегінің» атынан баяндалады. Ана құрсағында бүлк еткен сәттен бастап алғаш пайда болған сезімі туралы айтады. Иесінің миымен жүрек қалауының арасындағы тартыс, қайсысы дұрыс, қайсысының шешімі бұрыс екендігін ойлау, сараптаумен болған жайттар туралы. Жүрек иесі ес білгеннен бастап, тек ортасының алды, таңдаулы болсам ғана «бақыттымын» деп ойлайды. Тек осындай принцип ұстанған Перизат махаббаттың не екенін білмеді де, сезбеді де. Тіпті өзі сүймейтін адаммен 9 жыл отасып, өмірінің көп бөлшегін бақытсыздыққа, мән-мағынасыз өткізіп алды. Осылай жүргенде тағдырдың қалауымен, күтпеген жерден туған кешінде бейтаныс адаммен жанарлары түйісіп, махаббат атты ұлы сезімнің хикаясы осы жерден басталады. Бірақ өткен, жүрек иесінің басын айналдырған махаббат өмірін бір сәтте, бір ауыз сөзбен тас-талқан ететінін ол кезде білген жоқ.

Көз жасы тоқтамай еңіреп жылайтынын өз дауысынан өзі шошып, ешкім және ештеңе сындыра алмаған рухының мүжіліп, өзіне қол жұмсаудың түр-түрін ойластыратынын,

түнімен сіңілісіне баласын аманаттап хат жазарын да болжай алмады.

«Адам өмірін өзгертетін сәтті күтіп жүреді. Сол сәтті елестетеді, қиялдайды, жоспарлайды. Бірақ өмірді және оны қабылдауды өзгертетін сәт пен ойлар табан асты. Оларды байқай алу, олардың әсерін бағалай алу, оларға дайын болу – жарты жеңіс. Ең бастысы – сол шешуші сәтке дейін де, кейін де махаббат және мейіріммен өмір сүру. Ең бастысы – қай сәтте жүрекке бағынып, қай сәтте миды тыңдайтыныңды түсіну», – деп жазды автор. Перизаттың өмірін түбегейлі өзгерткен ең керемет сәт – қатал да, қайырымсыз болған - махаббат.

Автор кітапта «қорқыныш, ұят» секілді қоғамда сіңіп қалған көптеген стереотиптерді көтереді. Перизаттың басынан өткен тағдыр, ондағы ой-тұжырымдар бізді, яғни оқырмандарды терең ойландырады. Тұрмысқа шықпаған жас қыздар үшін басқа біреу шешім қабылдамаған жөн екенін, сүйген жарына өз қалауыңмен қосылмау - «ішкені ірің, жегені желім» өмір сүру екенін ұқтырады. Сүймейтін жардың қасында еркек те, әйел де азып-тозып кететіні жасырын емес. Алпаның берген жалғыз, қысқа ғана ғұмырын екіншішпен өткізбеуіміз керек.

«Шексіз сүйдім, дәл сондай сүйікті болдым. Сол махаббат арқылы күмәнсіз бақытты болдым», - деп автор жазғандай, әрбір шын сүйген, сүйе білген адам бақытты. Басынан қанша қиындық өтсе де, сол махаббат қиындық әкелсе де, әр адам ұлы сезімді басынан кешіре білу керек.

Наргиз ИБРАИМОВА,
ЖҚ-211.

БАЛА КЕЗДЕН
МҰҒАЛІМ БОЛҒЫМ
КЕЛЕТІН

«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ББ
3 КУРС БІЛІМГЕРІ
ДОСАН ДАНА
БҮРКІТҚЫЗЫМЕН
СҰҚБАТ.

Дана, оқып жатқан мамандығыңызға өзіңіз қалап түстіңіз ба?

- Жалпы бала кезден мұғалім болғым келетін. 10-11 сыныпқа келгенде «қазақ тілі мен әдебиет» пәніне қызыға бастадым. Бұл шешімді ата-анам да қолдады. ҰБТ-дан мүмкін болған 140 баллдың 125-ін жинап, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетін өз қалауыммен, саналы түрде таңдап, мемлекеттік гранд иегері атандым.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелде оқу үшін қандай талаптар қойылады?

- Оқу үлгеріміңіз жоғары болу керек. (GPA 3-тен жоғары)

- Түрік тілін меңгеру.

Жеке басым «Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру» орталығынан 3 ай бойы ақылы түрде түрік тілін оқып, А1 деңгейіндегі сертификат алдым.

Шет елге шығуыңыз үшін біздің университет тарапынан қандай жағдайлар жасалды?

- Университет тарапынан өте керемет жеңілдіктер ұсынылды. Айта кетсем, екі университет арасындағы келіссөздер жүргізу нәтижесінде Niğde Ömer Halisdemir университетінде оқу барысында жатақханада тегін тұру мүмкіндігіне ие болдым.

Университеттің арнайы өкілдерімен жиналыс өткізіліп, шет елге барғанда міндетті әрі шарт болатын жағдайларға толығымен ақпарат берілді. Сонымен қатар ұшақ билетіне де қаржылай көмек көрсетілді. Түркияда оқу барысында халықаралық бөлім қызметкерлерімен жүйелі түрде хат алмасып отырдық. Яғни байланыс үзілген жоқ. Кез келген уақытта туындаған проблемалар мен сұрақтарға жауап ала алдым.

Екі елдің білім сапасынан қандай айырмашылық байқадыңыз?

Екі мемлекетті салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, білім беру сапасы да, білім беру процесі де екі түрлі. Әр қайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Алғаш келген кезде оқу процесіне үйренісіп кету аса бір қиындық тудырмады. Niğde Ömer Halisdemir университетінде студенттерге толығымен еркіндік берілген. Тек қана міндетті болатын бірнеше шарттарға мойынсұнса ешқандай проблемалар болмайды. Оқытушылары да, студенттер де өте мейірімді әрі ақкөңіл. Кез келген уақытта қол ұшын созуға дайын.

Жалпы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Түркия мемлекетінде оқып келгеніме өте қуаныштымын. Осындай керемет мүмкіндіктер бергені үшін университетіме ерекше ықыласым мен алғысымды білдіремін!

Сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Нұрилла КАРИМАНОВА.

Менің алғашқы ұстаздарым

Бала кезімнен мүгедек арбасына таңылып, мектепке барлық балалар секілді бара алмадым. 11 жыл бойы мұғалімдер үйге келіп, сабақ берді. Өмір жолымда ақыл-кеңесімен, жылы сөздерімен жол сілтейтін тамаша адамдарды кездестірдім. Тағдыр мені парасатты, ар-ожданы жоғары, шыншыл жауапкершілігі мол Роза Ақжаркеновамен жолықтырды. 10 жылдан астам оның қарамағында қызмет еттім. Ол менің «InvaTaxi» қызметінде диспетчер болып жұмыс істеген кездегі бірінші аға тәлімгерім.

Ол кісінің қарамағындағы қызметкерлерге және жұмыс істейтін адамдарға жалықпай айтатын ақыл-кеңесі – «өздеріңді дамытыңдар, оқыңдар, жұмыс істеңдер, үйреніңдер және өздерің не мақсат қоя біліңдер» - болатын.

Сол көзқарасты ұстана отырып, 2022 жылы менің өмірімде үлкен өзгеріс болды. Университетке оқуға түсемін деп бел будым.

Тестілеуден өтіп журналистика мамандығына грантқа қабылдандым. Қалай болғаны әлі есімде. Қыркүйектің бірі күні аудиторияның есігі ашылып ішке жылы жүзбен бір жас жігіт кіріп келді. Байсалды пейілмен сөзін бастады. Менің есімім - Ілескен Әлбатырұлы, сіздердің кураторларыңызбын

- деп топ студенттеріне тілегін айтты. Бірінші курста онымен жақынырақ танысып, ұстаздық келбетіне таңдана бастадым. Ол жас болғанына қарамастан ұйымшыл, өз жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайды.

Ілескен Әлбатырұлы бізге бірнеше пәннен сабақ берді. Теория мен практикадан өткен әрбір материал жеке-жеке тексеріліп, берілген тақырыптарға қайта оралуымызды талап етеді. Қатаң бақылайды, оның белгілі бір дағдысы бар, қатал және талапшыл болғанымен сөз арасында көңіл көтеріп әзілдесе де алады. Әр студенттің ішкі дүниесін мұқият тексеріп, еңбегін әділетті бағалайды.

Соңғы 15 аптада журналистика саласын тәжірибе жүзінде шыңдап келе жатырмыз. Осы кезеңде мен журналистиканың шымылдығын аштым және белгілі бір тақырыпта сценарий

жазу, түсірілімге режиссерлік ету, стөнд-ап оқу, радиосұхбат, т.б. жұмыстар атқардық. Мен Ілескен Әлбатырұлын мінезі мен ерекшелігі жағынан Роза Ақжаркеновамен салыстырамын. Менің өмірімде, айналымда осындай адамдар бар болғанына ризамын.

Эльмира СМАҒҰЛОВА.



В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЕСТЬ ЛИЧНОСТИ, ЧЬЯ ПРЕДАННОСТЬ СВОЕЙ ПРОФЕССИИ И ТАЛАНТ В ПРЕПОДАВАНИИ ДЕЛАЮТ ИХ НАСТОЯЩИМИ ЛЕГЕНДАМИ. ОДНОЙ ИЗ ТАКИХ, ПО МНЕНИЮ РЕДАКЦИИ ГАЗЕТЫ «JETISU UNIVERSITY» ЯВЛЯЕТСЯ К.Ф.Н. АССОЦИИРОВАННЫЙ ПРОФЕССОР, ДОЦЕНТ ЭММА ВИКТОРОВНА ЛИ, ЧЕЙ КРОПОТЛИВЫЙ ТРУД ДАЁТ ВЫСОКИЙ РЕЗУЛЬТАТ И ОСТАВЛЯЕТ НЕИЗГЛАДИМЫЙ СЛЕД В СЕРДЦАХ СТУДЕНТОВ, ФОРМИРОВАНИИ ИХ ДАЛЬНЕЙШЕЙ ЖИЗНИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА.



ЭММА ЛИ:

СЛОВО ОБ УЧИТЕЛЕ

Эмма Викторовна завершила свое обучение на филологическом факультете КазГУ в 1976 году и с тех пор преданно служит своей профессии. В Жетысуском университете им. И. Жансугурова она преподает уже более 45 лет. Её страсть к выразительности русского языка привлекает внимание студентов, делая занятия увлекательными и познавательными.

Студентка 4 курса специальности «Журналистика» Анастасия Крят побеседовала с Эммой Викторовной:

- Почему Вы выбрали преподавание русского языка в университете?

- При выборе профессии большую роль сыграло, наверное, пристрастие к чтению художественной литературы. Тогда не было каких-то иных способов знакомства с ней. Мы очень много читали. Отсюда и любовь к языку русских классиков. На мой взгляд, он способен помочь человеку постичь мир, в котором мы живём.

Устремлённая вглубь знаний, Эмма Викторовна строит мосты между эпохами, раскрывая перед глазами своих учеников неисчерпаемый источник мудрости, уходя-

щий корнями в глубины времени. Это подтверждают её слова о развитии энтузиазма у студентов:

- Как же я повышаю интерес к предмету? Через знакомство с увлекательными образцами русской художественной прозы и поэзии, которыми расцветиваю иногда сухие теоретические положения современной лингвистики. Показываю, как эти сложные исторические формы, глаголы и прилагательные помогают раскрыть образы, сделать их прекрасными.

Не сосчитать, сколько студентов Эмма Викторовна выпустила за годы своей преподавательской карьеры.

- Были ли у Вас студенты, вспоминация о которых особо греют душу?

- Я и мои коллеги с гордостью и большой любовью вспоминаем многих студентов, которые уже достаточное количество лет работают в образовательных учреждениях города, области, всей республики, высоко неся имя университета. Многие из них признаны лучшими учителями, получили высокие категории и звания.

По словам учеников Эммы Викторовны,

её занятия — это не просто обучение правилам языка, а настоящее приключение, исследование и погружение в мир фонетики и художественной литературы.

Одной из студенток, тепло вспоминающих Эмму Викторовну, является Светлана Владимировна Лупанова педагог-исследователь, 32 года стажа в средней школе №4 им. М. Горького, выпускница Жетысуского университета им. И. Жансугурова 1989 года:

«Эмма Викторовна была не просто преподавателем, но и настоящим источником вдохновения. Кроме того, она очень внимательный и отзывчивый человек. До сегодняшнего дня помнит своих студентов. Всегда спрашивает, как у нас дела, где мы работаем, каких успехов достигли. Я у неё писала курсовую работу «Роль тюркизмов в романе Ч. Айтматова «Буранный полустанок (И долгие века длится день...)». Сколько лет прошло, а я помню свою курсовую и использую на уроках литературы знания, полученные в

процессе работы над этой темой. Всё благодаря Эмме Викторовне. Умения и навыки, которые она нам прививала — фундаментальные. В результате мы не только учились, но и росли как личности. Спустя десятилетия, вспоминая университетские годы, мое сердце наполняется благодарностью к этой замечательной женщине, которая оставила незабываемый след в наших сердцах».

Проработав более 45 лет в университете, выдающийся педагог не остался без наград. В 2002 году Эмма Викторовна получила звание почётного работника образования Республики Казахстан. В 2015 году — Нагрудный знак «Ы. Алтынсарин».

Напоследок Эмма Викторовна оставляет пожелание студентам, встающих перед выбором профессии:

- Приходят и учатся разные студенты, но всем им хочется пожелать не тратить напрасно дорогое время. Позвольте себе задуматься о правильности сделанного выбора: видите ли Вы свое будущее в выбранной профессии, и нравится ли Вам этот путь? Если ответ утвердительный, то приложите все усилия, чтобы стать хорошим специалистом, посвятите все время обучению и совершенствованию навыков. После приобретения знаний и опыта попробуйте применить их, пройдя первичный этап обучения — педагогическую практику. Пусть Вас сопровождают успех и процветание!

Анастасия КРЯТ,
4 курс ЖР-411.



ЧТОБЫ СТУДЕНТАМ ОТ СЕССИИ ДО СЕССИИ ЖИЛОСЬ НЕ ТОЛЬКО ВЕСЕЛО, НО И ПРОДУКТИВНО, РЕДАКЦИЯ «JETISU UNIVERSITY» СОВЕТУЕТ ПРОЧИТАТЬ ВЫДЕРЖКИ ИЗ КНИГИ «УСПЕШНАЯ УЧЕБА В ВУЗЕ. САМЫЕ ВАЖНЫЕ НАВЫКИ СТУДЕНТА» СТЕЛЛЫ КОТТРЕЛЛ. АВТОР КНИГИ, ПРОРАБОТАВШАЯ БОЛЕЕ 20 ЛЕТ СО СТУДЕНТАМИ, СОЗДАЛА УНИВЕРСАЛЬНУЮ ШПАРГАЛКУ ДЛЯ ВСЕХ УЧАЩИХСЯ ВУЗОВ. В ИЗДАНИИ ПРОСТО И ДОСТУПНО ОБЪЯСНЯЕТСЯ, КАК ВЧЕРАШНИМ ШКОЛЬНИКАМ ПЕРЕКЛЮЧИТЬСЯ НА УНИВЕРСИТЕТСКИЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ, ЧТОБЫ ЗА 5 ЛЕТ ПОЛУЧИТЬ НЕ ТОЛЬКО КОРОЧКУ, НО И НЕОБХОДИМЫЕ ЗНАНИЯ.

1. К-Р-Э-М-И — идеальная стратегия студента

К — креативность: уверенно использовать собственные стратегии и стили, использовать в учебе воображение.

Р — размышление: анализировать и оценивать свою работу и достижения, а также

извлекать уроки из действий.

Э — эффективность: с максимальной пользой организовывать свое пространство и время, мысли, ресурсы и расставлять приоритеты.

М — мотивация: полностью осознавать результат, который необходимо получить. Держать себя в тонусе при помощи краткосрочных и долгосрочных задач.

И — инициативность: лично участвовать в процессе обучения физически и мысленно.

2. Лучший в мире эксперт — это Вы

Когда Вы не знаете, как справиться с той или иной работой, представьте себя профессором, который столкнулся с проблемой. Студенты, которые не очень хорошо учились в школе переживают, что им «на роду написано» быть плохими учениками. Подобные панические мысли могут сильно осложнить процесс учебы. Есть определенные упражнения, которые помогают настроиться к себе менее критично.

3. Используйте все свои чувства
Чем больше Вы используете зрение, слух

да сделаны хорошо. Именно от Вас зависит, сможете ли Вы обнаружить крупинки золота в песке.

5. Учитесь активно

Учеба приносит большую пользу, когда Вы активны и лично заинтересованы. Это означает: анализировать полученную информацию с разных сторон. Даже самое маленькое задание привлечет Вас к активному участию в изучении материала.

6. Найдите свой собственный способ обучения

Хотя у всех людей много общего, каждый учится по-своему. Выполняя различные задания, можно использовать и сочетать несколько учебных стратегий и стилей. Например, если Вам нравится работать по собственному расписанию, организуйте время так, чтобы Вам казалось, что оно принадлежит только Вам. Например, если Вы предпочитаете работать на слух, записывайте на диктофон лекции и отрывки из учебников. Ищите учебные материалы, которые можно скачать на аудионоситель.

7. Думайте о будущей карьере с первых дней учебы

Учеба не должна быть абстрактной. Ваша цель — стать профессионалом и получить хорошую работу. Вы получите ее, если во время учебы в вузе постарайтесь приобрести: навыки работы в команде, решения проблем, креативное мышление, навыки самоорганизации. Используйте для этого все возможности.

8. Отслеживайте свой прогресс и оценивайте себя объективно

Записывайте, какие шаги вы сделали для развития того или иного навыка. Сами определите, что значит для Вас прогресс. Важно осознать качества и навыки, которыми Вы уже владеете. Самоанализ и развитие лич-

ности будут подспорьем во всех сферах жизни, включая учебу.

9. Учитесь правильно использовать информацию

В большинстве вузов оценивается не количество фактов, которые Вы привели в ответе, но то, как Вы используете информацию. Недостаточно просто заучить выбранные параграфы для экзамена. Предполагается, что Вы продемонстрируете умение оценивать и выбирать значимое, и опускать информацию, которая не имеет большого значения. С легкостью свяжите между собой различные идеи и мысли, разберитесь в том, что Вы изучаете в рамках своего курса, структурируете свои мысли и знания так, чтобы привести убедительный аргумент.

10. Учитесь отдыхать

Вероятно, Ваша учеба неэффективна, если Вы: продолжаете работать, хотя слишком устали. Действуйте от обратного — и Ваша учеба будет эффективной.

По материалам Интернет-ресурсов.

● ПРОЧТЕНИЕ



10 ПРАВИЛ УСПЕШНОГО СТУДЕНТА

ОБРАЗОВАНИЕ ДЛИННОЮ В ЖИЗНЬ



начинает развиваться.

Идея образования длиною в жизнь подхвачена и Жетысуским университетом им. И. Жансугурова. В нашем вузе в 2020 году запущен проект «Асыл қазына университеті». Его основной идеей является удовлетворение потребностей пожилых людей в образовании. Мы были в числе первых, кто разработал и запустил образовательные программы для людей старшей возрастной группы.

- Какие дисциплины включает в себя проект «Асыл қазына университеті»?

- Наш центр совместно с преподавателями Высших школ разработал программы обучения для людей старшей возрастной группы. Они направлены на повышение правовой и финансовой грамотности, развитие цифровой компетентности, коммуникативных навыков для активизации жизнедеятельности и самореализации слушателей старшей возрастной группы.

На сегодня в рамках реализации проекта «Асыл қазына университеті» разработаны программы «Современные информационные технологии для повседневной жизни», «Компьютерная грамотность для людей старшего поколения», «Финансовая грамотность», «Правовая грамотность», «Фитнес для мозга: тренировка на каждый день», «Основы предпринимательской деятельности», «История Жетісу», «Английский язык для бабушек и дедушек» и др.

Обучение пользованием компьютером помогает старшему поколению освоить основы работы с интернетом, электронной почтой, социальными сетями и другими цифровыми инструментами, такими как электронное правительство (e-Gov) и даже осуществление платежей через мобильные телефоны.

- Расскажите, пожалуйста, подробнее о программе «Английский язык для бабушек и дедушек».

- В этом учебном году нашим центром запущена новая программа по развитию коммуникативных навыков «Английский язык для бабушек и дедушек». Ее

целью является обучение использованию английского языка в реальных жизненных ситуациях. Разработала программу координатор центра Салтанат Бегимбекова. Ее слушателями в данное время является старшее поколение ППС нашего университета. Обучение английскому языку им необходимо для саморазвития, поездок за границу и общения в межкультурной среде, а также для общения с внуками, изучающими английский язык.

Ну и, конечно, согласно научным исследованиям, у старшего поколения изучение иностранного языка стимулирует умственную деятельность, улучшает работу головного мозга, память, что очень важно для профилактики возрастных изменений и серьезных заболеваний.

- В какое время проводится обучение?

- Обучение в рамках проекта «Асыл қазына университеті» проводится через реализацию краткосрочных и среднесрочных общеразвивающих и образовательных программ длительностью 1-2 месяца. Образовательный процесс организуется в удобном для людей старшего поколения режиме. В 2020-2023 учебные годы мы проводили обучение в летнее время.



- Как стать участником проекта «Асыл қазына университеті»?

- Слушателями программ в рамках проекта «Асыл қазына университеті» могут быть все желающие в возрасте 55+. Для этого достаточно обратиться в наш центр (телефон для справок и консультаций: 22-21-23 вн.1199), выбрать программу обучения и написать заявление. На сайте университета в разделе «Обучение» есть вкладка «Асыл қазына университеті», где можно получить всю необходимую информацию по проекту в целом и по программам обучения.

- С какими препятствиями или вызовами Вы столкнулись при реализации проекта «Асыл қазына университеті»?

- Особых препятствий для реализации данного проекта нет. Поскольку он новый, поэтому пока у нас нет специализированной

ранов города в программы обучения. Но мы стараемся сделать все возможное для расширения контингента слушателей «Асыл қазына университеті». Мы размещаем информацию о программах обучения и проведенных мероприятиях на сайте университета и социальных сетях. Думаю, что и это интервью поможет привлечь слушателей.

- Выдаются ли сертификаты после завершения обучения?

- Большинство наших слушателей проходят обучение с целью саморазвития и расширения своих знаний и навыков. Поэтому вопрос о получении сертификата не является приоритетным. Однако мы понимаем, что для некоторых слушателей важно иметь официальное подтверждение об окончании обучения, чтобы подчеркнуть свои достижения и навыки перед работодателями или другими заинтересованными лицами. Поэтому мы предоставляем возможность получения сертификата после успешного завершения курса.

- В чем отличие студентов старшего поколения от молодых людей?

- «Студенты пожилого возраста» отличаются от молодых студентов в первую очередь осмысленным желанием учиться. Они более активны на занятиях, дисциплинированы.

- Какой историей успеха или вдохновения Вы можете поделиться о пожилых студентах?

- В прошлом году мы запустили программу под названием «Фитнес для мозга: тренировка на каждый день», разработанную преподавателем-лектором Высшей школы гуманитарных наук, к.филос.н. майнд-фитнес тренером Сайрой Рахиповой. В рамках этой образовательной программы прошли обучение как преподаватели университета (55+), так и городские пенсионеры. Они регулярно посещали занятия и выполняли различные упражнения. Меня удивило и вдохновило стремление пожилых людей к постоянному росту и саморазвитию. Их желание получить знания могли бы позавидовать даже самые юные студенты. Для них нет препятствий для достижения нового и для того, чтобы идти вперед с оптимизмом и уверенностью. Все-таки возраст – это состояние души!

Языковые курсы: ключ к умственному здоровью.

Деменция – это серьезное состояние, которое может значительно ограничить качество жизни пожилых людей. Однако исследования показывают, что активное участие в языковых курсах может играть важную роль в предотвращении или замедлении развития этого недуга.

Канадские ученые провели эксперименты, показавшие, что люди, знающие больше, чем один язык, отодвигают потерю памяти на несколько лет за счет развития нейронных связей. Мозг в таком случае будет более сохранен. Это отодвигает теоретически возможное снижение интеллектуальных способностей, в том числе снижение памяти.

По словам психологов, многие пожилые люди оказываются не у дел, и весьма часто из-за этого у них начинаются психологические проблемы - депрессия, скука, переходящие в хронические соматические заболевания. Также стоит обратить внимание на другое тревожное явление, которое превратилось в настоящий социальный кризис: речь идет об одиночестве.

Студентка 2 курса специальности «Журналистика» Хава Ханчукаева специально для «Jetisy universiteti» взяла интервью у директора центра повышения квалификации и дополнительного образования Жетысуского университета им. И. Жансугурова, к.ф.-м. н., куратора программы «Асыл қазына университеті» Калжановой Гулмиры Кенесовны.

- Когда появилась программа образования для пожилых людей в Казахстане?

- Современная система образования для пожилых людей ведет отсчет с 60-ых годов прошлого столетия. В 1962 году в Нью-Йорке был основан первый институт обучения пенсионеров. Университеты третьего возраста направлены не на приобретение профессиональных навыков, а их целью является удовлетворение потребности в общении, обучение навыкам самопомощи, освоение современных информационных технологий.

На сегодня в европейских странах, в том числе в соседней России «образование на протяжении всей жизни» набирает впечатляющие масштабы и поддерживается государством, а в Казахстане данное направление только

3 истории студентов из Казахстана, кому за 60.

● Сабит Бекенов, 70-летний пенсионер из Шымкента, всегда мечтал путешествовать по миру, но испытывал языковые барьеры. Он принял решение начать изучать английский язык и поступил на курсы для пожилых студентов. Сегодня Сабит с уверенностью общается на английском языке и уже совершил несколько зарубежных поездок.

● Нуржан Жумагулов, 68-летний пенсионер из Алматы, решил вернуться к учебе после того, как вышел на пенсию. Он поступил на курсы компьютерной грамотности, где изучает новые технологии, чтобы оставаться в курсе современных требований. Нуржан делится своим опытом с друзьями и родственниками, вдохновляя их на активную жизненную позицию в пожилом возрасте.

● Гульмира Жолдыбаева, 73-летняя жительница Астаны, всегда мечтала научиться играть на музыкальном инструменте. Раньше она не могла позволить себе заниматься этим из-за забот о семье и работы. Однако, став пенсионеркой, она решила осуществить свою мечту и присоединилась к группе по изучению фортепиано для пожилых.

аудитории для обучения таких слушателей. Еще одним из недостатков реализации проекта является слабая вовлеченность граждан старшей возрастной группы из числа ветера-

Беседу вела Хава ХАНЧУКАЕВА.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

Бас редактор: А. Иебекова
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Ахметова
Дизайнер: Н. Елшібеков
Фотограф: Б. Таубалды

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №269
Таралым 2000 дана